

Жаңақала ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 ақпандағы № 17-3 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 наурыздағы № 18-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 15.03.2022 № 18-1 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жаңақала аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жаңақала ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарға бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысының міндетін уақытша
атқарушы*

С. Жардемалиев